

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Шерхан Мұртаза атындағы  
Халықаралық Тараз

Инновацияллық институтының  
президенті, т.ғ.д.

Н. Муслимов  
08 2023 ж.



**БІЛМ АЛУШЫЛАРДЫҢ, ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮТҚЫРЛЫҒЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕСІ  
СМЖ ҚЕ 4-2-2-2023**

Тараз 2023 ж.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Білім алушылардың, оқытушылардың және кызметкерлердің академиялық үткірлігі туралы ережесі</p>	<p>ҚЕ 4-2-2-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚY 17-2023</p>
---	--	--

## АЛҒЫ СӨЗ

**1. Әзірлегендер:**

- Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры Д.Ы. Нұрмұханбет
- Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар басқармасының басшысы Л.С. Кожамжарова

**2. Келісілді:**

- Институттың вице-президенті М.Н. Сарыбеков
- Заң басқармасының басшысы Е.Е. Матжанов
- Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы Б.К. Жундибаева

*Институт Президентінің 31.08.2023 № 216 бұйрығымен бекітілді  
және іске қосылды.*

	<b>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</b> <b>Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</b> <b>Білім алушылардың, оқытушылардың және кызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ережесі</b>	<b>КЕ 4-2-2-2023</b> <b>СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс»</b> <b>ҮК КҮ 17-2023</b>
---	--	---

<b>№</b>	<b>МАЗМУНЫ</b>	<b>беті</b>
1.	Максаты және қамту аясы.....	4
2.	Нормативтік құжаттар.....	4
3.	Қысқартылған сөздер.....	4
4.	Академиялық ұтқырлық үдерісі.....	5
5.	Алмасу бағдарламаларымен оқуга баратын студенттер Алмасу (ұтқырлық) шарттары.....	5
6.	Өтініштер.....	5
7.	Өтініш беру критерийлері.....	5
8.	Өтініш беру.....	6
9.	Бағалау және орналастыру жұмыстары.....	7
10.	Студенттердің Шерхан Мұртаза атындағы Тараз инновациялық институтындағы статустары.....	7
11.	Студенттерді іріктеуден кейін жүргізілетін жұмыстар.....	8
12.	Студент қайтып келгеннен кейін жүргізілетін жұмыстар.....	9
13.	Академиялық тану (сәйкестендіру).....	9
14.	Оку мерзімін ұзарту процесі.....	10
15.	Ұтқырлық бағдарламасы бойынша Шерхан Мұртаза атындағы Тараз инновациялық институтына келетін студенттердің өтініш беру жұмыстары.....	10
16.	Пәндерді тандау және оқу келісімшарты.....	10
17.	Қабылдау хатын жіберу.....	11
18.	Келген студенттерді хабардар ету.....	11
19.	Келген студенттерге қатысты «Бағыт-бағдар беру» бағдарламасы.....	11
20.	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтында ұтқырлық бағдарламасын бітірген студенттерге қатысты атқарылатын жұмыстар.....	11
21.	Оқытушылардың академиялық ұтқырлығы.....	12
22.	Жауапкершіліктер.....	13
23.	Ережеде қарастырылмаған жағдайлар.....	13
24.	Қолданыска енгізу.....	13
25.	Келісу, сактау және тарату.....	14
26.	Келісу парағы	15
27.	Танысу парағы	16
28.	Тарату парағы	17
29.	Өзгерістер енгізу парағы	18

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Білім алушылардың, оқытушылардың және қызметкерлердің академиялық үтқырлығы туралы ережесі</p>	<p>КЕ 4-2-2-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚҰ 17-2023</p>
--	--	--

## 1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚАМТУ АЯСЫ

1.1 Бұл Ереженің мақсаты – білім алушылар, профессорлар – оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің академиялық үтқырлығы шарттарын анықтау және Жоғары оқу орындарының ынтымақтастығын арттыру мен одан әрі нығайту болып табылады.

## 2. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

2.1 Бұл Ереже Қазақстан Республикасының тиісті заңдарына; ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12.10.2018 жылғы 563 санды шешіміне; ҚР-ның 04.07.2018 жылғы «Жоғары оқу орындарында академиялық және басқару статусын көңейту туралы Занға»; ҚР Білім және ғылым министрлігінің 19.11.2008 жылғы 613 санды «Шетелде білім алу және академиялық өзара алмасу бағдарламасы регламентінің бекітілуі туралы» шешіміне «Өзгерістер енгізу туралы» 19.09.2016 жылғы 567 санды шешіміне; ҚР Әділет министрлігінің 9.11.2016 жылғы 14405 санды қаулысына; ҚР Білім және ғылым министрлігінің 30.12.2011 жылғы 549 санды шешіміне; ҚР Білім және ғылым министрлігінің 19.01.2011 жылғы ҚР-ның жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға арналған академиялық өзара үтқырлық бағдарламасы туралы декларацияға; ҚР-ның 22.07.2011 жылғы 477-1Y санды көші-кон туралы Заңына; Европа Одағы білім беру және жастар бағдарламалары орталығы тарапынан Эрасмус + Практика кітабында көрсетілген талаптарға; институт Жарғысына және стандарттарына; сондай-ақ Ғылыми Кеңес тарапынан қабылданған басқа да шешімдерге негізделе отырып дайындалды.

## 3. ҚЫСҚАРТЫЛГАН СÖZДЕР

- 1) **Ректорат** – Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының Ректоры мен проректорлар;
- 2) **Ғылыми Кеңес:** Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының мәжілісі;
- 3) **Білім** – Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтына қарасты факультет және кафедра сияқты білімдерді;
- 4) **Басқарма** - Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорына тікелей бағына отырып жұмыс жасайтын Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы;
- 5) **Басқарма басшысы** - Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасының басшысы;
- 6) **Басқарма қызметкерлері** - Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасының қызметкерлері;
- 7) **Институт** – Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты.

## 4. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮТҚЫРЛЫҚ УДЕРІСІ

Академиялық үтқырлық - білім алушылардың немесе оқытушылардың оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге окуын немесе зерттеу жұмыстарын жалғастыру үшін басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Білім алушылардың, оқытушылардың және қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ережесі</p>	<p>КЕ 4-2-2-2023</p> <p>СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
---	--	--

білім беру үйімінде академиялық кредиттер түрінде менгерген оқу бағдарламаларынан, пәндерден міндетті түрде қайта сынақ тапсыра отырып, басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімінде (ел ішінде немесе шетелге) ауыстыру;

4.1 Erasmus, Мевлана және басқа да халықаралық алмасу бағдарламалары өз нұсқаулықтарында, ережелерінде және жобаларында айтылған құрылым, жұмыс жүйесіне бағынады, жоғарыда көрсетілген бағдарламалардан басқа 2 (екі) апта мен 1 (бір) семестр аралығындағы мерзімді академиялық ұтқырлықтың ұзактығы қурауы тиіс және кемінде 10 сағат сабак өту жүктемесін орындауды керек.

4.2. 4.1 – де айтылғандардан тыс:

а) Халықаралық ынтымақтастық келісімдерімен іске асырылатын академиялық ұтқырлық жұмыстары (өз мүмкіндіктерімен және басқа да жолдармен),

б) Мемлекеттік (Республикалық және жергілікті) бюджеттен қамтамасыз етілетін ұлттық және халықаралық бағдарламалар арқылы іске асырылатын академиялық ұтқырлық (ұлттық және халықаралық ынтымақтастық келісімдер, хаттамалар, жобалар арқылы және басқа да жолдармен) жұмыстарының барлығы осы Ереже бойынша жүзеге асырылады.

## **5. ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫМЕН ОҚУҒА БАРАТЫН СТУДЕНТТЕР, ҰТҚЫРЛЫҚТЫҢ ШАРТТАРЫ**

5.1 Халықаралық ынтымақтастық келісімдері бойынша жүзеге асырылатын ұтқырлық үдерістері үшін Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты мен серіктес жоғары оқу орны арасында қол қойылған келісім болуы керек.

### **6. ӨТІНІШТЕР**

6.1 Бағдарламаға қатысуға өтініш беретін студенттердің тиісті орташа бағалары мен басқа да бағалау критерийлері осы жұмыстарды үйімдастырып және үйлестіріп отырған үйім (оқу орны) тараапынан айқындалады.

### **7. ӨТІНІШ БЕРУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

7.1 Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтында тіркелген (оқытын) студент болуы керек.

7.2 Оқуға қабылданған белімінде ең кемі бір жыл оқыған болуы керек.

7.3 Студенттер 1-курстың көктемгі семестрінде және 4-курстың күзгі семестрінде ұтқырлық бағдарламасына белгілі себептерге (жанұя жағдайына немесе денсаулығына) байланысты болған жағдайда ғана қатыса алады.

7.4 Ұтқырлық бағдарламаларына магистранттыр 1-курстың көктемгі семестрінде және 2 - курстың күзгі семестрінде ұтқырлық бағдарламасына қатыса алады.

7.5 Ұтқырлық бағдарламаларына өтініш беретін студенттер мен магистранттардың орташа бағаларының ең кемі 3,00/4,00 болуы керек.

7.6 Орташа бағаны (балды) анықтауда студенттің алған жалпы бағалар кестесі (транскрипт) негізге алынады. Институт тараапынан берілген бағалар кестесі (транскрипт) негіз болумен катар, магистратураның алғашкы семестрінде өтініш берген, бірақ әлі Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтында оқып жатқан жоғары білімнен кейінгі бағдарламада бағалар кестесі (транскрипт) дайын болмаған

	<b>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</b> <b>Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</b> <b>Білім алушылардың, оқытушылардың және кызметкерлердің академиялық үтқырлығы туралы ережесі</b>	<b>КЕ 4-2-2-2023</b> <b>СМЖ «Фылыми жұмыс және халықаралық байланыс»</b> <b>ҮК КҮ 17-2023</b>
--	--	---

магистранттар үшін бакалавр дипломындағы бағалар кестесі (транскрипт) негізге алынады. Сондай-ақ, басқа институттан ауысып келген, бірақ әлі Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтында бағалар кестесі (транскрипт) дайын болмаған студенттер үшін өздерінің келген институттерінан алған бағалар кестесіндегі (транскрипт) орташа бағалары негізге алынады.

7.7 Студент тіркелу шарттарын толық орындауы керек.

7.8 Магистратура бағдарламаларында оқитын білім алушылар оқу немесе диссертация жазу кезеңінде жетекшілерінің келісімімен академиялық үтқырлық бағдарламасын пайдалана алады.

7.9 Академиялық үтқырлық бағдарламасы бойынша шетелге немесе ел ішінде оқуға барған студенттер шетелде немесе ел ішінде оқып жүрген кездерінде (оқу мерзімінде) өз жоғары оқу орнында сабактан босатылған болып есептеледі. Сәйкес келмеген пәндерді жаз мезгілінде оқиды. Пән айырмашылығына қатысты кредит саны 12 кредиттен көп болмауы керек. Білім бағдарламасындағы пәндер атауы сөзбе-сөз дәл келмегенімен, олардын мазмұны мен құзыреттіліктері сәйкес келетін болса, бұл пәндерді сол барған институттарында оқуға болады.

7.10 Студенттің алдыңғы семестрлерден қалған пәндері болса да орташа баға (балл) шарттарын қамтамасыз ететін болса (кедері келтірмесе) өтініш бере алады. Алдыңғы семестрлерден қалған пәндері бар студенттер, үлгермеген пәндерін шетелде оқи алмаса, келгеннен кейін бұл пәндерді бірінші семестрде оқулары міндетті болып табылады.

## 8. ӨТІНІШ БЕРУ

8.1 Студенттің академиялық үтқырлығы үшін жоғары оқу орныдары арасындағы келісімдер, яғни серіктестер тізімі Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының сайтында жарияланады. Студенттер академиялық үтқырлық және өтініш беру, құжаттар тізімі туралы мәліметтерді сайттан алады. Сондай-ақ, тиісті мәліметтер институттың ресми сайтына хабарлама күйінде жарияланып, бөлімдер тараапынан студенттерді хабардар ету жұмыстары жүргізіледі.

8.2 Өтініш беру күндері Басқарма тараапынан анықталады және өтініш беру күні сайтта ең кемі 15 күн бұрын жарияланады.

8.3 Өтініштер Басқармаға электронды пошта арқылы электронды көшірмелермен жіберіледі, сондай-ақ Басқармадағы үтқырлық бағдарламаларының үйлестірушілеріне түпнұсқалар беріледі. Студенттер өтініш беру формасында келісім - шарт жасалған институттар бойынша өз таңдауларын жасайды.

## 9. БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

9.1 Алдын ала бағалау нәтижесінде өтініштері макұлданған студенттердің шет тілін менгеру деңгейлерін анықтау мақсатында өткізілетін шет тілі емтиханы Институттың Шетел тілдері кафедрасымен өткізіледі.

9.2 Бакалавр студенттерінің шет тілі емтиханынан ең кемінде В1 деңгейінде балл алулары керек. Өтініш берген барлық студенттер бұл емтиханды тапсырулары керек. Халықаралық деңгейде жарамдылығы бар емтихандарда (1-кесте) бағамалы балл алған студенттер калаулары бойынша шет тілі емтиханын тапсырмауларына болады.

	<p style="text-align: center;">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p style="text-align: center;">Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p style="text-align: center;">Білім алушылардың, оқытушылардың және қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ережесі</p>	<p style="text-align: right;">КЕ 4-2-2-2023</p> <p style="text-align: right;">СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
--	--	--

9.3 Жоғары білімнен кейінгі бағдарламаларда білім алатын студенттердің шет тілі емтиханынан ең кемінде В2 деңгейінде балл алушыларды керек. Отініш берген барлық білім алушылар бұл емтиханды тапсырулары керек. Халықаралық деңгейде жарамдылығы бар емтихандарда (1-кесте) баламалы балл алған білім алушылар калаулары бойынша шет тілі емтиханын тапсырмаларына болады.

9.4 «Шет тілі емтиханы» еki бөлімнен тұрады: а) грамматика, оқыған нәрсесін түсіну, сөздік қорын анықтау мақсатында өткізілетін тест емтиханы; ә) сөйлеу, тындау және түсіну деңгейін анықтау мақсатында өткізілетін аудиоза емтихан.

9.5 Шет тілінің балы, тест емтиханы балының 50%-ы және аудиоза емтиханның 50%-ы негізге алынып есептеледі.

9.6 Академиялық ұтқырлық бағдарламасына үміткер студенттердің отініштерін бағалауда негізге алынатын үлгерім бағасы орташа бағаның 50%-ы мен шет тілі балының 50%-ы негізге алынып есептеледі.

9.7 Отініштерді Басқарма сол жыл үшін және отініш беру процесіне дейін анықталған критерийлерді ескере отырып бағалайды. Белгіленген критерийлер бойынша студенттердің жинаған үлгерім үпайлары, олардың таңдаған жоғары оку орындары мен тиісті үйымдардың контингенттері ескеріле отырып, дайындалатын тізімдер Басқарма тарапынан дайындалып, Ректорат тарапынан бекітіледі.

9.8 Бағалау нәтижелері студенттердің жинаған үпайларымен бірге Басқарма интернет сайтында жарияланады.

9.9 Ұтқырлық бағдарламасын пайдалану құқығына ие болған студенттің орташа бағасы оқуға баратын семестрдің алдында қайтадан тексеріледі. Отініш берудің ең төменгі талаптарына сәйкес келмесе, студенттің жағдайы Басқарма тарапынан қаралып, ұтқырлық бағдарламасын пайдалану құқығы жойылады.

## 10. СТУДЕНТТЕРДІН ИНСТИТУТТЫҒЫ СТАТУСТАРЫ

10.1 Ұтқырлық бағдарламасындағы студенттер шетелде немесе өз елінде оқитын тиісті оку жылында семестрде пандерді таңдамай-ақ құжаттарын тіркеу жұмыстарын жүргізеді.

10.2 Ұтқырлық бағдарламасына қатысатын студенттер шетелдегі немесе өз еліндегі басқа оку орнында оқып жаткан кезінде институттағы оку ақысын төлеуді жалғастырады. Бірақ ұтқырлық бағдарламасымен барған институттына оку ақысын төлемейді.

10.3 Ұтқырлық бағдарламасымен барған институтта өткізілген уакыт студенттің жалпы оку мерзіміне кіреді.

10.4 Ұтқырлық бағдарламасын пайдаланғысы келген студенттердің жағдайлары тиісті регламент және ережелер аясында карастырылады.

## 11. СТУДЕНТТЕРДІ ПРИКТЕУДЕН КЕЙИН ЖУРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

11.1 Ұтқырлық бағдарламасына қатысатын білім алушыларға қатысты Басқарма тарапынан дайындалған «Бағыт-бағдар беру жиналысына» қатысуы тиісті бөлімнің үйлестірушілері тарапынан қамтамасыз етіледі.

11.2 Ұтқырлық бағдарламасымен кез-келген институтқа орналастырылған және сол институтқа бару құқығына ие болған студент баратын жоғары оку орнындағы бөлімнің оку кестесі, оку тілі, оку бағдарламасы, жатақхана және оның төлемақысы, тұратын елі мен

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Білім алушылардың, оқытушылардың және кызметкерлердің академиялық үтқырылғы туралы ережесі</p>	<p>ҚЕ 4-2-2-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚҰ 17-2023</p>
---	--	--

каласы, ай сайынғы орташа шығындар мен жол (көлік) шығындары туралы әртүрлі ақпаратты білуі тиіс.

11.3 Басқарма мен үтқырылғы бағдарламаларының Бөлім үйлестірушілері шетелдегі немесе елдегі жоғары оқу орнымен байланыс жасауға және білім алушыларға академиялық мәселелер бойынша көмектесуге жауапты болып табылады.

11.4 Студент үтқырылғы кезеңінде оқытын пәндердің аттары мен кредиттерін және бұл пәндердің Институттағы пәндермен сәйкес келетіндігін көрсететін оқуға келісім мен пәндер мен кредиттерді сәйкестендіретін келісу парагын бөлімнің үйлестірушілерімен бірге дайындауды. Бұл құжаттарға студент және сол бөлімнің үйлестірушісі қол қояды және тиісті факультеттің Басқару кенесінде қаралып, шешім қабылданады.

11.5 Оқуға келісім шартын (Learning Agreement) жасау кезінде басқа жоғары оқу орнында оқылатын пәндер бөлімнің маманы тарапынан анықталады. Студенттің басқа оқу орнында оқытын пәндері мен Институтта тиісті семестрде оқытын пәндердің бір-біріне дәл сәйкес келуі міндетті емес. Бірақ, мазмұн жағынан бағдарламадағы баламалы пәндерді таңдауға мән беріледі.

11.6 Үтқырылғы бағдарламасының студенті бір семестрде шамамен 30 кредиттік (ЕКТЖ) пәнді окуы керек. Пәнді тенестіру (сәйкестендіру) кезінде, сәйкес келмеген ең көп дегенде 12 кредиттік (ЕКТЖ) пән институт тарапынан қашықтықтан оқыту арқылы (онлайн форматта) толықтырылады. Бакалавр бағдарламасындағы студенттердің Институттағы баламалы пәндерінің саны немесе кредит саны Институттың оқу регламентіндегі пән жүктемесіне қатысты баптарда көрсетілген шектен аспауы керек.

11.7 Бакалавр және жоғары білімнен кейінгі бағдарламалардың білім алушылары барған жоғары оқу орндарда оқытын пәндері болмаған, контингент толып койған, бекітіліп койған оқуға келісімге өзгерістер енгізілген жағдайда оқуға келісімге семестрдің басынан бастап ең кеш дегенде 1 ай ішінде жаңартып, бекіту үшін бөлімнің үйлестірушілеріне жіберуге міндетті.

11.8 Оқуға келісімге енгізілген өзгерістер факультеттің мәжілісінде қаралып, шешім қабылдануы керек.

11.9 Үтқырылғы қатысушыларына қатысты факультеттердің мәжілісінде қаралған құжаттар Басқармаға жіберіледі.

11.10 Үтқырылғы бағдарламасымен жіберілетін студентке баратын оқу орны тарапынан медициналық сақтандыру полисі берілмейтін болса, оқу мерзімі кіретіндегі етіп, арнайы медициналық сақтандыру полисін алады және онын бір нұсқасын Басқармаға береді.

## 12. СТУДЕНТ ҚАЙТЫП КЕЛГЕННЕҢ КЕЙІН ЖҮРГІЗЛЕТИН ЖҰМЫСТАР

12.1 Академиялық үтқырылғыққа қатысқан студент оқу үдерісінің басталу және аяқталу мерзімін көрсететін Қатысу сертификатын (Confirmation Letter), жаңартылған оқуға келісімді және бағалар кестесін (транскрипт) Басқармаға тапсыруға міндетті.

12.2 Ел ішіндегі, шетелдегі жоғары оқу орндарынан келген бағалар кестесі (транскрипт) Басқарма тарапынан аударылады, бағалары келісу парагына сай тіркеледі. Академиялық тану (сәйкестендіру) құжаттары Басқарма тарапынан қаралып бекітілгеннен кейін Тіркеуші офисіне жіберіледі.

12.3 Үтқырылғы бағдарламасына қатысатын білім алушылар ел ішіндегі, шетелдегі окуын аяқтап институтқа қайтып келгеннен кейін үтқырылғы бағдарламасына қатысты есебін дайындалап, Басқармаға беруге жауапты болып табылады.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Білім алушылардың, оқытушылардың және қызметкерлердің академиялық үтқырлығы туралы ережесі</p>	<p>КЕ 4-2-2-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
--	--	--

12.4 Үтқырлық бағдарламасы аясында серіктес жоғары оқу орнына кеткен студенттер, оқу кезеңінің ішінде серіктес жоғары оқу орнында оқудан бас тарта алады жанға немесе денсаулық жағдайына (жағдайды растайтын құжаттарды өткізге жағдайда) байланысты.

### 13. АКАДЕМИЯЛЫҚ ТАНУ (СӘЙКЕСТЕНДІРУ)

13.1 Шетелдегі немесе өз еліндегі басқа жоғары оқу орнында окуын бітірген білім алушылардың академиялық тану процестері білім алушының оқуға түскен факультетінің деканаты тарапынан жүргізіледі.

13.2 Үтқырлық бағдарламасына қатысты академиялық тану құжатын дайындауда Институттың бакалавр және жоғары білімнен кейінгі бағдарламаларға қатысты баға кестелері колданылады (1-кесте). Ел ішіндегі, шетелдегі жоғары оқу орнының бағалау жүйесі негізге алына отырып, бұл процес тиісті бөлім тарапынан жүргізіледі.

13.3 Білім алушының шетелде және ел ішінде оқыған пәндері Институттың бағалар кестесіне және диплом қосымшасына жазылады.

13.4 Жоғарыда айтылған бағалар кестесі жасалатын кезде төмендегі кесте негізге алынады:

1-кесте. Үтқырлық бағдарламасымен бакалавр және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларында оқытын ізденушілердің бағалау кестесі

Әріптік бағалау	ЕКТЖ бағасы	4-тік жүйе бойынша бағалау	100 балдық жүйе бойынша бағалау	Дәстүрлі бағалау
A	A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-		3,67	90-94	
B+	B	3,33	85-89	Жақсы
B		3,00	80-84	
B-	C	2,67	75-79	Жақсы
C+		2,33	70-74	
C	D	2,00	65-69	Қанағат
C-		1,67	60-64	
D+	E	1,33	55-59	Қанағат
D		1,00	50-54	
F	Fx, F	0,5	0-49	Қанағаттанарлықсыз

- Шетелдегі жоғары оқу орнында 4-тік жүйемен есептелген баға, Институттағы 4-тік жүйе бойынша бір балл жоғары болып есептеледі.

### 14. ОҚУ МЕРЗІМІН ҰЗАРТУ ПРОЦЕСІ

14.1 Үтқырлық бағдарламасын пайдаланатын білім алушылар келісім - шартта көрсетілген мерзімдерден кейін тағы бір жыл келісімшарт жасалған жоғары оқу орындарында (серіктестерде) оқуларын жалғастыра алады. Білім алушы мерзім ұзарту процесін тек жалпы оқу мерзімінің ең кемі 50%-ын Институтта жалғастыру (аяқтау) шартымен ғана пайдалана алады.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Білім алушылардың, оқытушылардың және кызметкерлердің академиялық үтқырылығы туралы ережесі</p>	<p>КЕ 4-2-2-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
---	---	--

## **15. ҮТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ИНСТИТУТҚА КЕЛЕТИН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨТІНІШ БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ**

15.1 Институтқа үтқырлық бағдарламасының студенті ретінде келгісі келген студент өзінің жоғары оқу орнындағы тиісті бөлімнен өтініш беру арқылы жүзеге асырады.

### **16. ПӘНДЕРДІ ТАНДАУ ЖӘНЕ ОҚУҒА КЕЛІСІМ**

16.1 Келген студент оқитын пәндерін тандau үшін өзінің жоғары оқу орнының үйлестірушісінен Институттың пәндер тізімін ала алады. Оқитын пәндері жоқ болған жағдайда екі жоғары оқу орнының келісімімен жеке оқыту түрінде ұйымдастыруға болады.

16.2 Келетін студенттер өздерінің институттерінің Халықаралық Байланыстар Департаменті арқылы оқу келісім шартын да Ахмет Ясауи институтінің Халықаралық байланыстар департаментіне жібереді.

16.3 Бөлім үйлестірушілері, басқарма басшысы және үтқырлық бағдарламасының үйлестірушісі үтқырлық бағдарламасы бойынша келген студенттердің пәндерді таңдауына көмектеседі және білім алушылардың оқуға келісімдеріне қол кояды.

### **17. ҚАБЫЛДАУ ХАТЫН ЖІБЕРУ**

17.1 Өтініш беру күжаттары мен оқуға келісімді тиісті үйлестірушілердің қарауы (бағалауы) үшін факультет деканатына жіберіледі. Бағалау нәтижелері факультет деканаты немесе Басқармаға хабарланады. Қабылданған студенттерге Басқарма тарапынан хат дайындалып жіберіледі.

### **18. КЕЛГЕН СТУДЕНТТЕРДІ ХАБАРДАР ЕТУ**

18.1 Студенттерге қабылдау хаты мен тиісті ақпараттар жіберіледі. Бұл ақпараттарда виза жұмыстары, академиялық кесте және «Бағыт-бағдар беру» бағдарламасы сияқты мәліметтер беріледі.

18.2 Басқармаға келген білім алушылардың институтқа қатысты жұмыстарында кеңесшілік жасайды.

18.3 Білім алушыларға қатысты мәліметтер Институттың Академиялық саясат басқармасы арқылы институттың ақпарат басқару жүйесіне енгізіледі.

### **19. КЕЛГЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ «БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ**

19.1 Келген білім алушылар Басқарма таранынан әр семестрдің басында «Бағыт-бағдар беру» жиналысы өткізіледі. Бейімдеу бағдарламасы аясында институт таныстырылады, әртүрлі мәдени-әлеуметтік іс-шаралар мен саяхаттар ұйымдастырылады. Бөлім үйлестірушілері келген студенттерге бөлімдеріне бейімделу жағдайлары бойынша кеңес береді.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Білім алушылардың, оқытушылардың және қызметкерлердің академиялық үтқырлығы туралы ережесі</p>	<p>КЕ 4-2-2-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
--	--	--

## 20. ИНСТИТУТТА ҮТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН БІТІРГЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР

20.1 Тіркеуші офис тарапынан білім алушының оқыған пәндері бойынша баға кестелері (транскрипт) дайындалады.

20.2 Институтта білім алған үтқырлық бағдарламасының білім алушылары еліне оралmas бұрын институттың кітапхана карточкалары мен студенттік куәліктерін Басқармаға тапсырады. Өздерінің жоғары оқу орындарының тиісті бөлімдеріне Басқарма тарапынан баға кестелері (транскрипт) жіберіледі.

20.3 Білім алушының оқыған пәндерінен алған бағалары сабак берген оқытушы тарапынан дайындалған баға хаттамалары негізге алына отырып, Тіркеуші офисі тарапынан ЕКТЖ бағалар кестесіне қарай дайындалып, Басқармаға жіберіледі.

## 21. ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮТҚЫРЛЫҒЫ, САБАҚ БЕРУ ҮТҚЫРЛЫҒЫ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУ ҮТҚЫРЛЫҒЫ

21.1 Қызметкерлердің (профессор-оқытушылар құрамы) үтқырлығы сабак беру үтқырлығы және білім алу үтқырлығы болып екі түрлі үтқырлықты қамтиды.

а) Сабак беру үтқырлығын пайдалану үшін үтқырлық өткізілетін ел ішіндегі немесе шетелдегі жоғары оқу орны мен институт арасында ынтымақтастық келісімінің болуы және өтініш иесінің төмендегі шарттарға (талаптарға) сай болуы керек:

1) Институтқа толық штатқа жұмысқа қабылданған болуы және іс жүзінде жұмыс істейтін оқытушы болуы;

2) Ел ішіндегі шетелде өткізетін уақыт үшін өзіне қарасты бөлімнің басшысынан білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің академиялық үтқырлығы туралы рұқсат алуы;

3) Институт пен баратын оқу орны тарапынан жіберу және қабылдай туралы ресми хаттардың болуы;

4) Erasmus, Мевлана және басқа да халықаралық мекемелер-ұйымдар немесе қатысушы елдердің министрліктері және басқа да ресми мекемелер тарапынан қолдау табатын алмасу бағдарламалары өз нұсқаулыктарында, ережелерінде және жобаларында айтылған құрылым, жұмыс жүйесіне бағынады, жоғарыда көрсетілген бағдарламалардан басқа академиялық үтқырлықтың ұзақтығы 2 (екі) апта мен 1 (бір) семестр аралығындағы мерзімді құрауы тиіс және кемінде 10 сағат сабак өту жүктемесін орындауды керек.

б) Білім алу үтқырлығы ел ішіндегі шетелдегі бір жоғары оқу орнында немесе тиісті бір мекемеде отеді. Өтініш иесінің білім алу үтқырлығын пайдалануы үшін төмендегі талаптарға сай болуы керек:

1) Институтқа толық штатқа жұмысқа қабылданған болуы және іс жүзінде жұмыс істейтін оқытушы болуы немесе толық/жарты штаттағы әкімшілік-басқару қызметкери болуы;

2) Ел ішінде шетелде өткізетін уақыт үшін өзіне қарасты бөлімнің басшысынан рұқсат алуы;

3) Институт және баратын оқу орны тарапынан келісім-шарттың болуы;

4) Қызметкер (оқытушы) үтқырлық келісімінде көрсетілген үтқырлық мерзімін аяқтауды керек.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Білім алушылардың, оқытушылардың және қызметкерлердің академиялық үткырылғы туралы ережесі</p>	<p>КЕ 4-2-2-2023</p> <p>СМЖ «Фылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚY 17-2023</p>
--	--	--

21.2 Сыртқы қосалқы қызметкер (оқытушы) сабак беру немесе білім алу үткырылғын пайдалана алмайды.

21.3 Өтініштер, өтініштерді қабылдау мерзімінен бұрын жарияланған және сол жыл үшін белгіленген критерийлер ескеріле отырып Басқарманың белгілеген принциптері негізінде қабылданады. Өтініш құжаттары Басқарма тараапынан қаралады (бағаланады). Құжаттарды қарау (бағалау) жұмыстары өтініш құжаттары, академиялық бөлім басшыларының келісімі және үміткердің баратын оқу орнына қарай белгіленетін шет тілі біліктілік үпайы назарға алына отырып, ашықтық принципі аясында жүргізіледі. Үміткерден шет тілін білетіндігін растайтын сертификат немесе институттің Шетел тілдері кафедрасында шет тілінен емтихан тапсыруы талап етіледі. Өтініштің қабылдануы үшін үміткер шет тілінен ең кемі В1 сертификатына ие болуы керек.

21.4 Өтініштерге қатысты акпараттар Басқарманың веб сайтында жарияланады.

21.5 Тиісті құжаттар өтініш беру (қабылдау) мерзімі ішінде Басқармаға өткізіледі.

21.6 Қызметкерлер (оқытушылар) іріктелгеннен кейін бос контингент (орын) қалған жағдайда бос орындар үшін қайтадан өтініш қабылдау және бағалау күні (дата) белгіленеді. Хабарландыруда көрсетілген мерзімдерден (дата) тыс өткізілген өтініштер қаралмайды.

21.7 Өтініші қабылданған қызметкер (оқытушы) ел ішінде/шетелде өткізетін (қанша уақыт болатындығын) уақытын көрсетіп, рұқсат алу үшін тиісті процедураны орындауға жауапты болып табылады.

21.8 Қызметкер (оқытушы) мен институт арасында қол қойылған Ұтқырылғы келісімінде көрсетілмеген (жазылмаған) жағдайлардан тыс қызметкердің ел ішінде/шетелде болу мерзімін ұзарту туралы өтініші бекітілгеннен кейін немесе мәжбүрлі себептерге байланысты мерзімнің ұзартылуы жағдайында қызметкер (оқытушы) мен институт арасында қосымша келісімшарт жасалады. Хабарландыруда көрсетілген мерзімдерден (дата) тыс өткізілген өтініштер қаралмайды.

21.9 Қызметкер (оқытушы) үткырылғы мерзімін аяқтағаннан кейін келісімшартта көрсетілген міндеттерін орындаپ, корытынды есеп, атқарған жұмыстары туралы есеп, іс-сапар құжаттарын және ел ішіндегі шетелдегі оқу орнынан алатын қатысу мерзімін растайтын қатысу сертификатын елге оралғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Басқармаға өткізуі керек.

## 22. ЖАУАПКЕРШІЛКТЕР

22.1 Осы Ережеде көрсетілген барлық жұмыстардың жүзеге асуына Институттың Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы жауапты болып табылады.

## 23. ЕРЕЖЕДЕ ҚАРАСТЫРЫЛМАҒАН ЖАҒДАЙЛАР

23.1 Бұл Ережеде қарастырылмаган жағдайлар бойынша Казақстан Республикасының және тарап елдердің, сондай-ақ алмасу бағдарламаларына қатысты заңнамалар негізге алынады.

## 24. ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗУ

24.1 Бұл Ереже жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Білім алушылардың, оқытушылардың және кызметкерлердің академиялық үткірлігі турали ережесі</p>	<p>ҚЕ 4-2-2-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚY 17-2023</p>
---	--	--

## 25. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

25.1 Осы Институт Ережесін талқылау және келісу Ғылыми Кеңес отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.


25.2 Осы Институт Ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және коданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасына жүктеледі. Осы Институт Ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті құрылымдық бөлімдерге таратылады.

25.3 Осы Институт Ережесінің бақылау данасын Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасының басшысына жүктеледі.

Ғылыми жұмыс және халықаралық  
байланыстар басқармасының басшысы



ЛС

Л.С. Қожамжарова



	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Білім алушылардың, оқытушылардың және қызметкерлердің академиялық үткірлігі туралы ережесі</p>	<p>ҚЕ 4-2-2-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚY 17-2023</p>
---	--	--

## 26. КЕЛІСУ ПАРАФЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
<b>Келісілді:</b>			
Институттың вице-президенті	М.Н. Сарыбеков		28. 08. 2023
Заң басқармасының басшысы	Е.Е. Матжанов		28. 08. 2023
Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева		28. 08. 2023
Кәсіподақ комитетінің төрайымы	Ш.И. Алимкулова		28. 08. 2023